Химия және биология пәндерінің мұғалімі,
аудандық білім бөлімінің химия және биология пәндерінің әдіскері
Қабулова Қатира Дабылқызына

Пікір

Қабулова Қатира Дабылқызы-жұмыс барысында «Білімді ұрпақ-білімді ұстаздан» деген қағиданы ұстанып өз оқушыларының жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту арқылы жан-жақты дамыған азамат болып шығуына зор ықпал етіп келеді. Өзінің ұстаздық қызметінде жаңа оқыту технологиясын сабақтарында ұтымды қолданып, шәкірттерінің бойындағы дарынды қасиеттері мен қабілеттерін аша білумен қатар, ой-өрістерінің кеңеюіне әсер ететін озық әдістемелерді тиімді пайдаланып біршама жетістіктерге қол жеткізді.

Мұғалімнің білім беру қызметіндегі тынымсыз еңбегінің нәтижесі болар, аудандық пән олимпиадаларында оқушылары жеңімпаз атанып, облыстық пән олимпиадаларында жүлделі орындарға ие болды.

Қазіргі таңда Қатира Қабулова аудандық білім бөлімінде химия және биология пәндерінің әдіскері. Тәжірибелі әдіскер үнемі ізденіспен, шығармашылықпен бүгінгі күн талабына сай жемісті қызмет етуде.

Қатира тәжірибелі әдіскер ретінде жас мамандарға жан-жақты әдістемелік кеңес беріп, өз әріптестеріне ұдайы мәнді де, мазмұнды бағыт-бағдар беру арқылы ықпалды әдістемелік жәрдем беруден шаршамаған ұстаз.

Ізденістегі нәтиже кепілі - ұстаз бен шәкірт, ұстаз бен ұстаз, ұстаз бен әдіскер арасындағы үндестік пен үйлесім екені барлығымызға аян. Осы орайда заман ағымымен ізденісті ұштастыра білген шығармашыл ұстаз, әрі тамаша әдіскер өзінің білім саласы қызметіндегі өз ісінің нағыз иесі екенін аңғартқан әріптес деп айта аламын.

Тұла бойында адами қасиеттерге мол адам ретінде танимын.

№18 Абай атындағы
жалпы орта білім беретін
мектебінің биология
пәні мұғалімі **Мамбетханова**
Манзура Жеңісханқызы